

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАСТАР ІСІ, ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
1994 жылғы 10 қаңтар N 49. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігін құру туралы" 1993 жылғы 17 желтоқсандағы N 1460 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының ЖАстар ісі, туризм және спорт министрлігінің орталық аппараты үшін жылдық еңбекақы қорының мөлшері 582,8 мың теңге болатын шекті санының көлемі 117 штат бірлігі, сондай-ақ 9 жеңіл қызмет автомобилін ұстауға арналған лимит белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігіне Министрдің 6 орынбасары, оның ішінде бір бірінші орынбасары және 13 адамнан тұратын алқасы болуына рұқсат етілсін, оларды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітетін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министріне белгіленген адам саны мен еңбекке ақы төлеу қоры шегінде Министрліктің орталық аппаратының штатын бекіту құқығы берілсін.

Ескерту. 4-тармақтан сөздер алынып тасталған - ҚРМК-нің
1995.02.06. N 115 қаулысымен.

(5 тармақ) .

Ескерту. 5-ші тармақ алынып тасталды - ҚРМК-нің 1995.10.13.
N 1327 қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі жыл сайын күрделі қаржы лимиті бөлінуін көздейтін болсын және Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігінің орталық аппараты қызметкерлері үшін тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуын қаржыландыратын көздерді анықтасын.

7. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдеріне бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі

туралы Ережеге сәйкес облыстық, қалалық және аудандық жастар ісі, туризм және спорт басқармаларын құру тапсырылсын.

8. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің "Қазақ КСР Жастар ісі

жөніндегі мемлекеттік комитетінің мәселелері" туралы 1991 жылғы 10 қазандағы N 597 қаулысы;

Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің "Қазақ КСР Туризм, дене шынықтыру және спорт министрлігі туралы Ережені бекіту туралы" 1991 жылғы 29 қарашадағы N 750 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының Жастар ісі жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы Ережені бекіту туралы" 1991 жылғы 30 желтоқсандағы N 816 қаулысы (Қазақ ССР ҚЖ, 1991 ж., N 27, 195-бап).

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 10 қаңтардағы
N 49 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Жастар ісі,
туризм және спорт министрлігі туралы
Ереже

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының ЖАстар ісі, туризм және спорт министрлігі (бұдан былай - Министрлік делінеді) жастар туралы заңдарды жүзеге асыру, туризмді, дене мәдениеті мен спортты дамыту жөнінде біртұтас мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын республикалық мемлекеттік басқару органы болып т а б ы л а д ы .

2. Министрлік өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, қаулылары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдері мен о с ы Е р е ж е н і б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

3. Министрлік жастар саясаты, туризм, дене мәдениеті мен спорт саласында

жастар ісі, туризм және спорт жөніндегі тиісті жергілікті басқармалар, өздерінің жастар, туристік және спорт ұйымдары арқылы, оның ішінде шет елдердегі өкілдіктері арқылы, сондай-ақ ведомстволық бағынысына қарамастан жастар ісімен, туристік және спорт қызметімен шұғылданатын ұйымдар, мекемелер, кәсіпорындар, ерікті және акционерлік қоғамдар, қауымдастықтар, қоғамдық ұйымдар, кооперативтер мен басқа да заңды және жеке тұлғалар арқылы б а с ш ы л ы қ т ы ж ү з е г е а с ы р а д ы .

4. Министрлік заңды тұлға болып табылады, оның есеп айырысу және валюта шоттары, оқшау мүлігі және Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген әрі қазақ-орыс тілдерінде атауы жазылған мөрі болады.

5. Министрліктің жастар саясаты мәселелерімен, спорт және туристік қызметпен шұғылданатын заңды және жеке тұлғалардың, сондай-ақ спортшылар мен туристердің шетелдерге шығуына арналған құжаттарды тіркеу үшін арнаулы н ө м і р л і к м ө р л е р і б о л а д ы .

II. Қазақстан Республикасы Жастар ісі, туризм және спорт министрлігінің міндеттері м е н ф у н к ц и я л а р ы

6. Министрліктің негізгі міндеттері:

"Қазақ ССР-індегі мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақ ССР заңын жүзеге асыру, туризмді, дене мәдениеті мен спортты дамыту жөнінде бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру;

туризм, дене мәдениеті мен спорттың материалдық-техникалық базасын жасау және нығайту, олардың инфрақұрылымын дамыту;

жастардың әлеуметтік қорғалуын және оларға қолдау көрсетілуін, жас адамдардың жұмыспен қамтылуын, кәсіптік әзірлігін реттеуді қамтамасыз ететін әлеуметтік-экономикалық, саяси, соның ішінде құқықтың, әрі ұйымдық шаралар кешенін, нақтылы республикалық бағдарламаларды әзірлеп, іске асыру;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес халықаралық, аймақаралық, ішкі жастар, туристік және спорттық байланыстарды, сыртқы экономикалық, коммерциялық қызметті және жастардың кәсіпкерлігін жүзеге асыру;

халықаралық және ішкі туризм, дене мәдениеті және спорт саласында патент-лицензиялық қатынастарды мемлекеттік реттеу;

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен келісе отырып, республикаға келетін туристер легін реттеуді, туристер мен спортшыларға, ресми делегацияларға сапарға шығу құжаттарын ресімдеуді жүзеге асыру;

халықаралық, аймақаралық жастар, туристік және спорт ұйымдарында республиканың мүддесін білдіру;

республиканың жоғары заң шығарушы және атқарушы органдарында жастардың, туризм мен спорт салаларының мүддесін білдіру;
саланың ақпараттық-жарнамалық және баспагерлік ісін ұйымдастыру;
республикада және шет елдерде жастар, туристік және спорт ұйымдары үшін мамандар даярлауды, олардың іскерлік біліктілігін арттыруды ұйымдастырып, реттеп отыру, сондай-ақ мамандарды ұтымды пайдалану, жастар туристік және спорт қозғалысын насихаттау;

жастар проблемасы аясында, туризм, дене мәдениеті мен спорт саласында мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп ғылыми зерттеулер ұйымдастыру және жүргізу;

мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру, туризмді, дене мәдениеті мен спортты дамыту мәселелері бойынша республикалық министрліктердің, ведомстволардың, қоғамдық ұйымдардың қызметін үйлестіру, сондай-ақ саланың өзекті проблемаларын іс жүзінде шешуге қатысты мәселелер бойынша облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен күш біріктіру болып табылады.

7. Министрлікке жүктелген міндеттерге сәйкес ол мынадай функцияларды орындайды:

мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асырудың, туризм, дене мәдениеті және спорт салаларын дамытудың негізгі бағыттарын айқындайды, жастар проблемалары, туризмді, дене мәдениеті мен спортты дамыту жөнінен перспективалық, ағымдағы, нысаналы бағдарламаларды әзірлеп, іске асырады;

өз саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды және әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларын қалыптастыруды Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін әзірлеуге қатысады; ведомстволық бағыныстылығына қарамастан республиканың әртүрлі ұйымдарының, бірлестіктерінің, мекемелері мен кәсіпорындарының, соның ішінде акционерлік, кооперативтік, жеке ұйымдардың жастар проблемасын шешу, халықаралық және ішкі туризмді, дене мәдениеті мен спортты дамыту, материалдық-техникалық базаны нығайту және ұтымды, тиімді пайдалану, ақпараттық-жарнама ісін дамыту, ғылыми-зерттеулерді ұйымдастыру және өз қызметінің басқа бағыттары аясындағы қызметін үйлестіреді;

саланы дамыту, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды кеңейту және қайта жаңарту, оларды техникалық қайта жарақтандыру, жаңа кәсіпорындар құру, оның ішінде саланың қажеттігіне сәйкес жастарға арналған, туристік, спорт, есбелгілік және басқа өнім өндіретін кәсіпорындар үшін инвестициялар тарту жөнінде бірыңғай стратегия қалыптастырып, жүзеге асырады; өзінің шағын бірлескен және басқа коммерциялық кәсіпорындарының желісін құрады, олардың жарғысын бекітеді, өзінің фирмалық тауарлық белгісі болады;

қарамағындағы ұйымдар мен кәсіпорындарды қайта құру және тарату құқығы
б о л а д ы ;

қарамағындағы және өзге ұйымдардың міндеттемелері бойынша қаржылық және мүліктік жауап бермейді, бұл ұйымдар да өз тарапынан министрліктің сондай міндеттемелері бойынша жауап бермейді;

саланың тиімді экономикалық қызметінің мүддесі үшін белгіленген тәртіппен акционерлік, коммерциялық банктер, жастардың кәсіпкерлігін қолдау, туризмді, дене мәдениеті мен спортты дамыту қорларын, оның ішінде валюталық қорлар
қ ұ р а д ы ;

саланың патент-лицензия саясатын жүзеге асырады, туристік кәсіпорындарды , жастар мен спорт ұйымдарын жарақтандырудың нормативтерін, туристерге қызмет көрсету стандарттарын әзірлеп, енгізеді, жастар, туристік және спорт ұйымдары мен кәсіпорындарына, акционерлік және ерікті қоғамдарға, одақтарға, кооперативтерге және меншік нысанына қарамастан жеке тұлғаларды қоса басқа да заңды ұйымдарға лицензиялау жүргізеді, белгіленген талаптардың, стандарттар мен нормативтердің орындалуына бақылау ұйымдастырады, қолданылып жүрген заңдарды бұзған жағдайда лицензиялардың иелерін жастармен жұмыс істеу, туристер қабылдау, туристік және спорт қызметін жүргізу құқығынан айырады ;

республиканың қолданылып жүрген заңдарының және нормативтік актілерінің негізінде шет елге шығатын жастардың, туристердің және спортшылардың ресми делегацияларының және топтардың, жеке адамдардың құжаттарын ресімдеуді ұйымдастырады ;

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен келісіп республикасының туристері мен спортшыларына, министрліктің ресми жастар делегацияларына шет ел паспорттары мен рұқсаттамаларын ресімдеуді өздігінен жүзеге асырады ;

туристік және экскурсиялық бағдарламалар мен маршруттар әзірлеп бекітеді; елімізде және шет елдерде қызметі министрліктің міндеттеріне сәйкес келетін өзінің жастар, спорт және туристік өкілдіктерін, бөлімшелері мен филиалдарын белгіленген тәртіппен құратын болады;

жастар саясаты туризм, дене мәдениеті және спорт мәселелері бойынша республика заңдарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірленуін жүзеге асырады, халықаралық және аймақаралық салалық шарттардың, үкіметаралық келісімдердің жобаларын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысады;

жастар, туристік және спорт ұйымдары мен кәсіпорындарына заң жөнінен консультациялық көмек көрсетеді;

кадрларды даярлаудың, қайта даярлаудың және біліктілігін арттырудың, олардың қызметін әдістемелік қамтамасыз етудің бағдарламаларын бекітіп,

үйлестіріп отырады, жастармен жұмыс, туризм, дене мәдениеті және спорт жөнінен симпозиумдар, конференциялар, семинарлар, оқыту мен тәжірибе алмасудың басқа да нысандарын ұйымдастырады;

саланың ұйымдарының, бірлестіктері мен кәсіпорындарының республиканың ішінде және шетелде ақпараттық-жарнама жұмысын жүргізудегі қимылының бірлігін қамтамасыз етеді, жарнамалық кино, бейнефильмдер, мерзімді басылымдар шығарылып, таратылуын ұйымдастырады, жарнамалық мақсат үшін баспасөзді, радио мен теледидарды пайдаланады, халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелерге қатысады және өткізеді; баспагерлік қызмет жүргізеді;

жастар, туристік, спорттық-сандық, сәттік лотереялар және компьютерлік ойындар, тотализаторлар және пайда табудың басқа да экономикалық нысандарын өткізеді, мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, белгіленген тәртіппен оларды өткізудің шарттарын бекітеді;

жастар, туристік және спорт ұйымдарына ұйымдық және әдістемелік басшылықты жүзеге асырады, қажет болған жағдайда шарттық негізде белгілі бір өкілеттіктерін федерацияларға, қауымдастықтарға, одақтарға және т.б. т а б ы с т а й д ы ;

әр түрлі ведомстволар, қоғамдық ұйымдар ұйымдастыратын жастар, туристік және спорт шараларының жоспарларын үйлестіреді, шаралар мен жарыстардың бірыңғай күнтізбелік жоспарларын бекітеді, олардың өткізілуіне бақылауды жү з е г е а с ы р а д ы ;

мүдделі министрліктермен және ведомстволармен келісе отырып жастар, туристік және спорт шараларына қатысушыларға жұмсалатын шығыстар мен материалдық қамтамасыз ету нормаларын бекітеді;

халықаралық, аймақаралық және республикалық жастар шараларын, туристік және спорт жарыстар мен жиындарын өткізеді, оларды өткізуге қаражат кооперациялауды жү з е г е а с ы р а д ы ;

спорт жарыстар мен жиындарын өткізу ережесін, спорт түрлерінің спорттық сыныптамасын, оларды өткізу жөніндегі жұмысты реттейтін бағдарламалық-әдістемелік және басқа нормативтік құжаттарды бекітеді;

Қазақстан Республикасының құрама командаларының дайындығын жүзеге асырады және республика спортшыларының ТМД елдері, Европа, Әлем чемпионаттарына, Олимпиада және азия ойындарына, басқа да халықаралық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етеді;

мүдделі министрліктермен, ведомстволармен және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, спорт резервін әзірлеу жөнінде жұмыс жүргізеді, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан спорт клубтары мен мектептері, ведомствоаралық және салалық олимпиадалық даярлық орталықтары желісінің дамытылуын,

сондай-ақ олардағы оқу-жаттығу процесінің және қоздырғыға бақылаудың ұйымдастырылуын үйлестіреді;

спорт түрлері бойынша республикалық рекордтарды бекітеді, республика спортшылары орындаған әлемдік, еуропалық және азиялық рекордтарды бекіту үшін белгіленген тәртіппен халықаралық спорт ұйымдарына, спорт түрлері жөніндегі федерацияларға тиісті құжаттамаларды тапсырады;

белгіленген тәртіппен атақтар беру, жастар, туристік және спорт ұйымдары қызметкерлерінің республикалық шараларының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін медальдармен, белгілермен, дипломдармен, жүлделермен, грамоталармен, бағалы сыйлықтармен наградтау мәселелерін шешеді;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сала қызметкерлерінің мүддесін білдіреді.

III. Қазақстан Республикасы Жастар ісі, туризм және спорт министрлігінің жұмысын ұйымдастыру

8. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігіне Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен тағайындалатын Министр басшылық етеді.

9. Министрдің орынбасарларын Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті Министрдің ұсынуы бойынша қызметке тағайындап, қызметтен босатады.

10. Министрлікте құрамына Министр (алқа төрағасы), Министрдің орынбасарлары, Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің (басқармаларының) басшылары кіретін алқа құрылады. Алқаның құрамына Қазақстан Республикасы министрліктері мен ведомстволарының, қоғамдық ұйымдардың басшы қызметкерлерінің кіргізілуі мүмкін.

Министрліктің алқасы тұрақты өткізіліп тұратын мәжілістерінде, мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру, туризм, дене мәдениеті мен спорттың жағдайы мен даму мәселелерін қарайды, ведомстволық қарастылығына қарамастан саланың барлық ұйымдарының, бірлестіктерінің, мекемелері мен кәсіпорындарының қызметін үйлестіріп отырады, қабылданған шешімдердің орындалуына бақылауды жүзеге асырады.

11. Министр:

Министрлік пен алқаның қызметіне басшылық етеді;

Министрлікке жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына жеке-дара жауап береді;

Министрліктің жұмысындағы алқалылықты қамтамасыз етеді;

белгіленген адам саны мен еңбекақы қорының шегінде Министрліктің орталық аппаратының, штат санын, қызметкерлердің сондай-ақ қарамағындағы ұйымдардың басшыларының лауазымдық жалақыларын, сыйақыларды және жалақыларына қосылатын үстемелерді бекітеді;

Министрдің орынбасарлары арасында міндеттер бөледі және олардың қызметін үйлестіреді;

Министрдің орынбасарларының және Министрліктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының оның қызметінің жекелеген салаларына басшылығы үшін, сондай-ақ оған қарасты ұйымдардағы, бірлестіктердегі, мекемелер мен кәсіпорындардағы жұмысы үшін жауапкершілік деңгейін белгілейді;

Министрліктің орталық аппаратының қызметкерлерін, оған қарасты ұйымдардың, мекемелердің, бірлестіктер мен кәсіпорындардың басшыларын тағайындап, қызметтен босатады, соның ішінде контракттылық негізде тағайындап, босатады;

Министрдің орынбасарларын, министрліктің орталық аппаратының басқа да лауазымды адамдарын, Министрліктің қарамағындағы ұйымдардың, бірлестіктердің, мекемелер мен кәсіпорындардың басшыларын көтермелейді және оларға тәртіптік жазалар қолданады.

Ескерту. 11-тармақтың бесінші абзацынан сөз алынып тасталған - ҚРМК-нің 1995.02.06. N 115 қаулысымен.

12. Министрліктің шешімдері Министрдің бұйрықтары түрінде, Министрлік алқасының шешімдері - қаулылар түрінде ресімделеді және оларға Министр қол қояды, ол жоқ кезде Министрдің бірінші орынбасары немесе оның орнында қалған адам қол қояды.

Өз құзырының шеңберінде Министрлік қабылдаған шешімдерді ведомстволық бағыныстылығына қарамастан барлық жастар, туристік және спорт ұйымдары, бірлестіктері, мекемелері мен кәсіпорындары сондай-ақ мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру, туризмді, дене мәдениеті мен спортты дамыту мәселелері жөнінен республиканың басқа да министрліктері мен ведомстволары орындауға міндетті.

13. Қажет болған жағдайда Министрлік басқа министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп немесе келісіп қаулылар, бұйрықтар мен нұсқаулықтар шығарады.

14. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының жастар ісі, туризм және спорт басқармаларының басшылары лауазымдарға Қазақстан Республикасы Жастар ісі, туризм және спорт министрлігінің келісімімен тағайындалады.

15. Министрліктің қызметін қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК